

Жаңаөзен политехникалық колледжі



ЖШС Жаңаөзен политехникалық колледжінің

2021-2025жылдарға арналған

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Стратегиялық жоспардың  
негізгі қағидалары  
Жаңаөзен политехникалық  
колледжінің  
педагогикалық кеңесінде бекітілді  
(2021 жылғы «16» 02 № 4 хаттама

Жаңаөзен-2021ж

## Мазмұны

1	Паспорт(негізгі параметрлері)	4
2	Кіріспе	6
3	Миссия мен болашағы	7
4	Ағымдағы жағдайды талдау	7
5	Колледждің SWOT талдауы	12
6	Стратегиялық мақсаттар және индикаторлар	13
7	Жоспарды іске асырудан күтілетін түпкі нәтижелер	22

## I. ПАСПОРТ

**Бағдарлама атауы**

Жаңаөзен политехникалық колледжінің 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары

**Әзірлеу үшін негіздеме**

Стратегиялық даму жоспары келесі мемлекеттік стратегиялық құжаттар, нормативтік құқықтық актілер және бағдарламаларға сәйкес жасалды:

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (09.04.2016ж. өзгерістер мен толықтыруларымен);
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29 қарашадағы қаулысы 2017 жылғы № 790 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы»;
3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы, "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;
4. "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №957 Жарлығы;
5. Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығы;
6. Еуропалық сапаны қамтамасыз ету жүйесіне (EQAVET) негізделген кәсіби білім беру және оқыту жеткізушілері үшін сапаны қамтамасыз ету моделі);
7. ҚР ҰЭМ 27.02. бұйрығы. 2015 жылғы № 149 "Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы».

**Әзірлеушілер**

Басшысының оқу-ісі жұмысы бойынша орынбасары:  
Буркутова Ж.Д.;  
Басшысының оқу-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары:  
Якубова Д.К.;

**Мақсаты**

Колледж қызметінің мақсаты техникалық және кәсіптік білім алу арқылы тұлғаның зияткерлік, мәдени және адамгершілік дамуындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру және оқуды өндірістік еңбекпен интеграциялау әдісімен білікті мамандарды даярлау болып табылады.

## Міндеттері

1. Техникалық және кәсіптік білім беру мамандарын даярлау;
2. студенттердің жеке тұлғасын, олардың қабілеттері мен бейімділіктерін дамыту;
2. Кадрлық потенциалды дамыту және ғылыми-зерттеу кластерлер құру арқылы оқытушылардың инновациялық қызметін ынталандыру;
3. Колледждің мәдени және әлеуметтік қызметінің жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ететін инфрақұрылым мен материалдық – техникалық базаны жетілдіру;
4. Халықаралық талаптарға және еңбек нарығының қажеттілігіне сәйкес колледждің басым мамандықтары бойынша білім беру мазмұнын жаңартуға жұмыстану;
5. Педагогтардың кәсіби біліктіліктерін үнемі жетілдіруін қадағалау және ұйымдастыру;
5. Оқу-әдістемелік жұмыс сапасын арттыру;
6. Әлеуметтік серіктес мекемелермен ынтымақтастық байланысты нығайту;
7. Жастар саясаты тұжырымдамасын іске асыру;
8. Ресурстық оқу орталықты және ресурстарды дамыту;
9. Колледж менеджментін және даму мониторингісін (рейтингілік және сыртқы тәуелсіз бағалау, аккредитация және танымдық байқаулар бойынша) жетілдіру арқылы үздік көрсеткіштерге қол жеткізу;

## Іске асыру мерзімдері Нысаналы индикаторлар

2021-2025 жж.

- Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған, оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан және еңбекпен қамтылған ТЖКБ оқу орындары түлектерінің үлесін көтеру;
- Дуалды оқыту жүйесін енгізу бойынша «Жол картасын» іске асыру;
- Оқу кабинеттерін заманауи оқу-өндірістік және технологиялық құралдармен (заманауи станоктар, интерактивтік оқу құралдары, тренажерлар, виртуалды тренингтік лабораториялар т.б.) жабдықтау;

## Қаржыландыру көздері

- республикалық бюджет;
- жергілікті бюджет;
- колледждің өзі өндіретін өнімді дербес сатудан түскен қаражаттар;

## II. КІРІСПЕ

Жаңаөзен политехникалық колледжі Қазақстан білім және ғылым министрлігі бекіткен жоспар бойынша заман талабына сай техникалық және кәсіптік білім беруде. Оқу процесі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Колледжде пән кабинеттері жаңа оқыту жүйесіне сәйкес технологиялық құрал-жабдықтармен жабдықталған, ең соңғы үлгідегі компьютерлер кеңінен пайдаланылады. Компьютер интернет жүйесіне қосылған. Студенттер әлемдегі жаңалықтармен интернет жүйесі арқылы танысып, соңғы өзгерістермен білім ақпараттары туралы мағлұматтар алады. Колледж Лицензия № 20.01.05 сериясы В - № 0021463, 10.06.2008 ж. Қайта тіркеу 10.06.2008г. серия АБ №0032326 мерзімі шектелмеген лицензиясының және лицензияға қосымшасының негізінде төмендегі мамандықтар бойынша білім береді:

1. 07230100- Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу
  - 3W07230102- Арнайы тігінші
  - 3W07230104-Киім конструкторы
  - 4S07230106- Модельер- конструктор
2. 07161300- Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану.
  - 3W07161302- Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик.
  - 4S07161304- Техник-механик
3. 10130301- Тамақтандыруды ұйымдастыру.
  - 3W10130301- Кондитер безендіруші
  - 3W10130302- Аспазшы.
- 4.09230100-Әлеуметтік жұмыс.
  - 4S09230102-Әлеуметтік қызметкер.
- 5 07140100-Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)
  - 3W07140101-Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь
  - 4S07140102 –Электромеханик
- 6.07150500-Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)\*
  - 3W07150501- Электргазымен дәнекерлеуші
- 7.10120100- Шаштараз өнері.
  - 3 W10120101- Шаштараз стилисті
- 8 06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)\*
  - 4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі
- 9 04110100- Есеп және аудит
  - 4S04110102- Бухгалтер

Колледж Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің құқықтық норма актілеріне, Өкілетті органның бұйрықтары, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодекcін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңдары ережелеріне сәйкес, үкімдеріне және аталмыш жарғы негізінде әрекет.

Стратегиялық жоспар тұтастай колледждің және оның құрылымдық бөлімшелерінің негізгі келешектік дамуы болып табылады.

Жоспардың мақсаты – білім алушылар мен олардың ата-аналары, әлеуметтік серіктестер, жалпы қоғамның қызығушылығында колледждің қызмет етуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін нормативті, экономикалық, ұйымдастыру, әдістемелік, ғылыми жағдай жасау.

### **Жоспарды орындаушылар:**

- колледждің педагогикалық ұжымы;

- жетекші және қосалқы бөлімшелердің жетекшілері мен қызметкерлері;
- білім алушылар ұжымы;
- әлеуметтік серіктестер.

**Жоспардың орындалу мерзімі: 2021 - 2025 жылдар.**

Жоспардың орындалуын ұйымдастыру жүзеге асырылады:

- колледж педагогикалық кеңесімен;
- колледждің әдістемелік кеңесімен;
- колледждің Қамқоршылық кеңесімен.

Жоспарды кезең-кезеңмен орындау нәтижелері жоғарыда аталған органдардың отырысында қаралады.

Жоспар өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ашық құжат болып табылады. Жоспарды түзету жыл сайын маусым айында жүзеге асырылады.

Жоспарды түзету бойынша ұсыныстарды колледждің құрылымдық бөлімше жетекшілері отырыстарда талқылағаннан кейін 1 маусымға дейін береді. Барлық өзгерістер педагогикалық кеңесте қаралып, жыл сайын тамызда колледж Кеңесінде бекітіледі.

Жоспардың орындалуы бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыландыру есебінен қамтамасыз етіледі. Жоспардың жеке шараларын жүзеге асыруға колледжден мақсатты қаржыландыру бөлінуі мүмкін.

### III. МИССИЯ МЕН БОЛАШАҒЫ

#### МИССИЯ

*Колледж миссиясы* Технологиялық өзгерістерге және еңбек нарығының сұранысына сәйкес кәсіби, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

**Көрініс:** Кәсіби құзыретті, бәсекеге қабілетті маман даярлайтын алдыңғы қатарлы колледждер қатарына ену.

**Мақсаты** – Техникалық және кәсіптік білім алу арқылы тұлғаның зияткерлік, мәдени және адамгершілік дамуындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру және оқуды өндірістік еңбекпен интеграциялау әдісімен білікті мамандарды даярлау болып табылады

## IV. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

### 4.1. КОЛЛЕДЖДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Маңғыстау облысы «Жаңаөзен политехникалық колледжі – студенттер, оқытушылар, жұмыс берушілер және тағы басқа қызығушылық білдіргендер үшін актуалді білім беру жүйесі қалыптасқан, ақпараттық ортасы ашық және заманауи инфра құрылымды білім беретін оқу орны.

Колледж мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның талаптарына бағытталған даму жүйесі болып табылады. Бұл колледждің білім беру сапасын үнемі жетілдіріп, еңбек нарығының талаптарына бағытталған негізгі даму тенденциясын анықтайды. Колледж үшін сапаны жетілдіру – бұл дамудың синонимі, жаңарта дамыту.

«Жаңаөзен политехникалық колледжі 2005 жылы Жаңаөзен қаласындағы арнаулы оқу орындарының үшіншісі болып қатарға қосылған жеке меншік оқу орны. 2005-2006 оқу жылында алғаш рет 207 үміткерді студенттер қатарына қабылдады. Сол жылдары барлық студенттер коммерциялық негізде оқыды. Халыққа біздің аймағымызда үлкен сұранысқа ие болатын мамандықтарды ұсындық. Бұлар – «Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит», «Мұнай газ кенорындарын пайдалану», «автоматтандыру және басқару».

2008 жылы Рахат аулында орналасқан 950 орындық жаңа ғимаратқа көшті. Ғимарат екі қабаттан тұрады. Жер учаскесі 2,86 гектарды құрайды. Колледждің материалдық – техникалық жағдайы кәсіби мамандарды қазіргі талаптарға сай дайындауға жан-жақты мүмкіндіктер жасалған. 17 жылда колледждегі студенттер контингенті 207 адамнан 2000-ге дейін артты.

Лицензия № 20.01.05 сериясы В - № 0021463, 10.06.2008 ж. Қайта тіркеу 10.06.2008г. серия АБ №0032326

Колледжді бүгінгі күні техника ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы «Атамекен» ҰҚП жанындағы Іскер әйелдер кеңесінің Жаңаөзен қаласы бойынша төрайымы, Маңғыстау облысының жекеменшік мектепке дейінгі және білім беру ұйымдары) қауымдастығының президенті Болатбаева Тлектес Аманқосқызы басқаруда.

Колледждің педагогикалық құрамы – шығармашылықпен еңбек ететін өз ісінің шеберлері, тәжірибелі, білікті мамандар. Колледжде 60 оқытушы еңбек етеді, оның ішінде 1 - ғылым кандидаты, 7 - ғылым магистрі бар. Жоғары және бірінші санаттылар – 19, бұл оқытушылар құрамының 45% құрайды.

Мамандар қажеттілігін зерттеп – анықтау негізінде колледжде бүгінгі күні 9 мамандық бойынша орта буын мамандары даярланады.

4. 07230100- Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу.
  - 3W07230102- Арнайы тігінші
  - 3W07230104-Киім конструкторы
  - 4S07230106- Модельер- конструктор
5. 07161300- Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану.
  - 3W07161302- Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик.
  - 4S07161304- Техник-механик
6. 10130301- Тамақтандыруды ұйымдастыру.
  - 3W10130301- Кондитер безендіруші
  - 3W10130302- Аспазшы.
- 4.09230100-Әлеуметтік жұмыс.
  - 4S09230102-Әлеуметтік қызметкер.
- 6 07140100-Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін



бойынша)

- 3W07140101-Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь
  - 4S07140102 –Электромеханик
- 6.07150500-Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)\*
- 3W07150501- Электргазымен дәнекерлеуші
- 7.10120100- Шаштараз өнері.
- 3 W10120101- Шаштараз стилисті
- 8 06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)\*
- 4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі
- 9 04110100- Есеп және аудит
- 4S04110102- Бухгалтер

Колледж оқытушылары Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау қалаларында өтетін республикалық және халықаралық семинарларға қатысады, сондай-ақ БАҰО «Өрлеу», НАО «Талар» ұйымдастырған біліктілік арттыру курстарына; өндірісте тағылымдамадан өтеді.

2021 - 2022 оқу жылында колледжді 221 білім алушы бітірді, оның 162 – сі жұмысқа орналасты, 18 студент жоғары оқу орындарында білімдерін жалғастыруда. Жұмысқа орналаспағандар саны – 78. Жұмыспен қамтылуы-76% құрайды.

Бітіруші топтармен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту орталығы және Жаңаөзен қалалық жастар орталығымен бірлікте «Бос орындар» жәрмеңкесін ұйымдастырып, қала кәсіпорындарына сұраныстар берілуде. Сонымен қатар түлектердің қорытынды мемлекеттік емтихандарына мемлекеттік комиссия төрағаларымен қатар колледждің әлеуметтік серіктестік мекемелерінің өкілдері қатысып, емтихандары мен дипломдық жобаларын жақсы қорғаған түлектерді жұмысқа қабылдау жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

Жаңаөзен политехникалық колледжі 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасын негізге ала отырып, өзінің алдына дамуы үшін өздігінен қосымша қаржы көздерін іздестіріп, кәсіпкерлік құрылымдарын дамытуға мақсаттарын қойып отыр. Осы орайда Жаңаөзен политехникалық колледжі білім алушыларға «Кәсіпкерлік негіздері» атты факультатив сабақтарын енгізу арқылы студенттерді өз кәсібін ашудың қыр сырларын үйрету мен қатар бизнес бастауды үйретті. Бизнес бастаудың нәтижесінде колледждің түлектері өздерінің жеке кәсібін ашып жұмыссыз отырған қыз келіншектерді жұмыспен қамтып отыр.

Сонымен қатар колледжде кәсіпкерлік нысандарды құрылған. Атап айтсақ; Колледж кәсіпорнындағы шағын бизнес ретінде сұлулық салон қызмет етуде. Сұлулық салондарының қызметтері тұрмыстық қызметтерге жатады. Тұрмыстық қызметтер-жеке тұлғаларға көрсетілетін ақылы қызметтер. Тұрмыстық қызмет көрсету экономиканың әлеуметтік маңызды салаларының бірі болып табылады, халықтың әр түрлі сервистік қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді және біздің аймақ тұрғындарының өмірі, жұмысы мен демалысы үшін қолайлы жағдай жасауда маңызды рөл атқарады. Жаңаөзен қаласы Рахат ауылының тұрғындарына тұрмыстық қызмет, тегін мастер класстар ұйымдастырды. Қыркүйек айынан бері 87 тұрғынға тегін қызмет көрсетілген;

Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету шеберхана жұмыс жасауда, міндетті жабдықтармен жабдықталған, автомобильдерге күрделі емес жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл шеберханаларда студенттер авто көліктеріне қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындауға негізгі кәсіптік құзыреттіліктерін қалыптастырып, жетілдіреді;

Колледж базасында “ЖАНАРУ” тігін цехі “by Tylektes” отандық бренд мектеп формасын өндіруде. Мектеп формасының өскелең ұрпақтың жүріс-тұрысына, денсаулығына, жалпы дамуына тигізетін оң ықпалы зор болғандықтан, мектеп формасын киюге ғана емес, сол мектеп формасының өзіне де тиісті талаптар қозделген. Мұндай талап

жас ұрпақтың мүддесі тұрғысынан әбден зерделеніп, елеп-екшеп барып қойылып отыр.

“by Tylektes” отандық бренд өнімдерінде ең алдымен «сапалы» болуы басты назарға алынып отыр. Материалының сапалы, ондағы мата құрамы: жақсартылған жартылай жүн және мақта, киіске төзімді, антибактериалдық, антимикробтық және антистатикалық қасиеттері бар маталар қолданылады. Бұл оқушының денсаулығына да оң әсер етеді әрі мұндай формалар классикалық стильде болғандықтан оқушының қимыл-қозғалысына өте ыңғайлы. Форма санитарлық ережелер мен нормаларға сай келеді;

Колледж базасындағы “ЖАНАРУ” мейрамханасының асханасында студенттердің тәжірибелер мен қоса «шағын аспаздық цех» жұмыс жасауда. Мейрамханада ұйымдастырылған аспаздық цех алдын-ала жасалған келісімшарттар бойынша бөлшек сауда арқылы сатылатын аспаздық өнімдердің кең ассортиментін шығарады.

Аспаздық цех заманауи жоғары өнімді жабдықтармен, ағынды механикаландырылған желілермен, сондай-ақ мамандандырылған жабдықтармен (терен қуырғыштармен, электр сымдарымен, электр қазандықтарымен және т.б.) жабдықталған. Бұл еңбек өнімділігін едәуір арттырады, жұмысшылардың жұмысын жеңілдетеді.

Жаңаөзен политехникалық колледжінің түлектері әлеуметтік кәсіпкерлікте өзін сынап көруге, жаңа білім мен дағдылар алуға және лайықты болашаққа үміт табуға мүмкіндік берген ZhasProject жобасына қатысып, жеке кәсіпті ашуға мүмкіндік алды. Ұлттық дүниежүзілік банктің қолдауымен 1 млн. гратқа ие болған Илясова Агерке «Өзен тіттілері» наубайхана, Рауан Сайынұлы «Рауан» тігін цехі, Абдиева Айзада мен Чаударбаева Райхан тігін цехін ашса, Әндирова Салима «Салима» сұлулық салонын ашты.

«WorldSkills Aktau» кәсіптік шеберлігінің Ұлттық чемпионатының облыстық кезеңінен «World Skills Kazakhstan» кәсіптік шеберлігінің Ұлттық чемпионаты Маңғыстау облысында да өтіп келеді.

Мұндағы мақсат - мамандық мәртебесін, студенттердің және жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру, білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын қолдау, жұмыс дағдысы мен тәсілдерін жаңғырту.

Колледж студенттері жұмысшы мамандығының «WorldSkills Kazakhstan» кәсіптік шеберліктің республикалық, облыстық байқауларына белсенді қатысып, жүлделі орындарды иеленіп келеді. Колледж студенттері Студенттері Worldskills өңірлік, ұлттық чемпионаттарының жеңімпаздары. Соның ішінде «Киім үлгілеу» құзыреттілігі бойынша 2016 жылы республикалық чемпионтынан күміс жүлде, 2018, 2019 жылдары «Шаш үлгілеу» құзыреттілігі бойынша «Үздік маман» атағына ие болды.

2021-2022 оқу жылында «Worldskills Kazakhstan 2022» VII республикалық кәсіби шеберлік чемпионатының өңірлік кезеңіне қатысу үшін Жаңаөзен политехникалық колледжнен тоғыз құзыреттілік бойынша-22 қатысушы қатысты.

1. «Бейне өндірісі»- құзыреттілігі:
2. «Киімдерді үлгілеу» - құзыреттілігі:
3. «Ұлттық құрақ өнері» - құзыреттілігі:
4. «Ұлттық тағамдар»,
5. «Аспаз ісі» - құзыреттілігі:
6. «Шаштараз өнері» - құзыреттілігі:
7. «Әлеуметтік жұмыс» - құзыреттілігі:
8. «Автомобиль көлігіне қызмет көрсету»- құзыреттілігі:
9. «Интерьер дизайны» - құзыреттілігі:

Чепионат қорытындысы бойынша колледжден 10 студент жүлдері орынға ие болды.

«Бейне өндірісі»- құзыреттілігі:

2 орын -Текизбаев Нурлан

«Ұлттық құрақ өнері» - құзыреттілігі:

Қатысушы студент-

1-орын Есебаева Карина Оразмыратқызы

Үздік маман- Пирбалаева Айнұр Саїлаубайқызы

«Шаштараз өнері» - құзыреттілігі:

1-орын Тажибаева Ботагоз

«Әлеуметтік жұмыс» - құзыреттілігі:

1-орын Түркменбай Толқын Алибекқызы

2-орын Джанбирбаева Камила Жолдибайқызы

3-орын Джайлханов Нүржелді Узакбайұлы

«Автомобиль көлігіне қызмет көрсету»- құзыреттілігі:

2-орын Амангелдиев Назарбай

«Интерьер дизайны» - құзыреттілігі:

Қатысушы студент-

1-орын Сабинов Қайрат Турғанбекулы

2-орын Керей Халима Мадиказы

WorldSkills стандарты негізінде өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылар арасында өткен «BestSkills-2019» өңірлік кәсіби шеберлік конкурсында «Аспаз ісі» құзыреттілігі бойынша ІІІ орынға колледж оқытушысы Турниязова А.К ие болды

Облыстық көлемде өткізілетін әр түрлі шараларға колледжіміздің студенттері белсенді қатысады. Оқу орнымыздың тарихына енген жетістіктерімізді атап айтар болсақ: колледж студенті Айтжанова А.А. «Жылдың үздік студенті» атағымен марапатталды. «Қазақстан Республикасының колледждерінің топ 100 студенті» жобасында Қоңыршаева Айсара үздіктер қатарынан табылды.

Ақтөбе қаласында өткен ҚР Рәміздеріне 25 жыл, Қазақстанның БҰҰ қабылдануына 25 жыл, М.Әуезовтың 120 жылдығы құрметіне арналған «Мәңгілік ел, Қазақстаным!» атты ғылыми практикалық конференция Утесинова Лаура ІІІ орын,

2015 жылы Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында өткен «Күз жауһары» тақырыбындағы Республикалық байқауында Бердиева А. І дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асыру аясында ТжКББ студенттері арасында өткен жалпы білім беретін пәндер арасында тарих пәні бойынша өткен олимпиадада Жумагазиев К. І орынға ие болды.

2016жылы «Мен –Қазақстандықпын! Облыстық сырттай шығармалар сайысында Таңатарова Тұрсынай І дәрежелі дипломмен марапатталды.

2016жылы желтоқсанда Жалпыұлттық құндылық- ел бірлігі» тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған облыстық Жастар Форумында Елеусинов Асан І дәрежелі дипломға ие болды.

Сол жылы Облыстық пилоттық экологиялық жобалау конкурсына Насирадинов Тұрарбек Есенұлы, Нұрбаев Марғұлан Сағынғалиұлы Қыдырша Нұрдаулет, І орынға ие болса,

Дүйсенғалыева Маржан Мұхтарқызы ІІІ орынға ие болды.

2016 жылы қаңтарда «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігі ұйымдастырған «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Ыбырай Алтынсариннің 175 ж құрметіне арналған «Тәуелсіздік-тірегім, теберігім!» атты ғылыми-практикалық конференцияда Айтнияз Б. І дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл «Ұлы дала елі-бәсекеге қабілетті көшбасшылар» Республикалық студенттер мен оқушылардың ғылыми –практикалық конференциясында Есетова Ф. ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылар арасында облыстық тоғызқұмалақ жарысында колледж командасы ІІ орынға ие болды.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы «Ең үздік колледж-2015» облыстық конкурсында ІІІ орынға ие болды

2017 жылы «Тіл сарбаздары-2017» қалалық байқауында колледж оқытушылары III орынға ие болды.

2018 жылы арнайы оқу орындары арасындағы «Тіл мәдениетін дамыту және терминология мәселелері бойынша» телеойын байқауында колледждің жас мамандары бас жүлдеге ие болды.

2018 жылы «Тіл дарын-2018» жас мамандар арасындағы қалалық байқауда I орынға колледж жас мамандары ие болды.

2019 жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Ұлттың ұлы мұрасы» халықаралық өнер және білім фестивалінің республикалық байқауында «Көркем сөз» бөлімі бойынша Лауреат Тулейова Саруара алтын жүлде лауреаты атанды

2019 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында қашықтан өткен «Үздік бейне оқу» облыстық байқауында Турғанбаева Қаламқас I орынға ие болса, Ибраимов Нұрсұлтан III орынға ие болды.

2019ж «Ой сана» орыс тілі білгірлері арасындағы облыстық байқауында қатысып, I орынға ие болған Аскеров Қоблан

Әбіш Кекілбаевтың шығармаларын орындаушылар конкурсында «жас актер» номинациясы бойынша Сарыбаева Гулжайна III орынға ие болды.

«Мен суретші боламын» атты қашықтан өткізілген республикалық байқауы Аманбекқызы Мөлдір II орынға ие болды.

Материалдық-техникалық база жаңартылып, заманауи талаптарға сай келтірілді. Колледжде оқытушылар мен студенттердің негізгі этикалық ережелерін, ішкі тәртібін анықтайтын колледж Жарғысы, ішкітәртіп ережелері қабылданып, бекітілген.

**Қаржы секторы.** Колледж республикалық және жергілікті бюджет, келісім-шарт бойынша мекеме, колледждің өзі өндіретін өнімді дербес сатудан түскен қаражаттар есебінен қаржыландырылады.

## V. КОЛЛЕДЖДІҢ SWOT-ТАЛДАУЫ

S (Strength) –жақсы жақтары (потенциалды-позитивті ішкі факторлары)	W (weakness) –әлсіз жақтары (потенциалды жағымсыз факторлары)
1. Облыста сұранысқа ие мамандықтар бойынша кадрлар даярлау 2. Мықты материалдық-техникалық базасының болуы. 4. тұрақты жұмыс істейтін және жеткілікті кәсіби ұжым 5. Қаладағы ірі өндірістік мекемелердің әлеуметтік серіктестер болуы. 7. Бизнеспен серіктестікті жаңа жағдайда дамыту 8. Әлеуметтік серіктестер мен жұмыс берушілердің тұрақты өсуі	1. Кейбір студенттердің мамандықты игеруге деген ынтасының төмендігі 3. Түлектерді жұмысқа орналастыруда базалық мекемелердің жауапкершілігінің заңды негізінің болмауы. 4. жабдықты сатып алу үшін резервтік қаржы қорының болмауы, бюджет тарапынан жеткіліксіз деңгейде қаржыландыру. 5. Жас мамандардың ішінде ғылыми атағы барларының аз болуы. 6. Тегін курстардың болмауы педагогтарды 7. Өз білімін дамытудағы мотивацияның төмендігі.
O (opportunity) –жақсы мүмкіндіктер (потенциалды-позитивті ішкі факторлар)	T (treat)- қатер (потенциалды-жағымсыз ішкі факторлары)

1. Жеке меншік колледж бола тұра, мемлекеттік тапсырыстың бар болуы.
2. Еңбек нарығына қажетті жаңа мамандықтар ашу
3. Республикалық және халықаралық деңгейде оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарына, тағылымдамаларға қатысуы
4. Жұмыс берушілермен қарым-қатынастың дамуы.
5. ТЖКОББ саласында заңдылықтардың жетілдірілуі.
6. Колледж имиджінің өсуі

1. Экономикамыздың барлық саласында кризис салдарынан жоғары білікті жас мамандарға деген сұраныстың болмауы.
2. Білікті инженерлік-педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі

V. Стратегиялық мақсаттар және индикаторлар

№ пп	Индикатор	Аяқтау түрі	Орындауға жауапты	Орындау мерзімі	Жылдар					Жыл сайын	
					2021ж	2022ж	2023ж	2024ж	2025ж		барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	12	
<p><b>Бағдарламалық мақсат: Техникалық және кәсіптік орта білім беру үшін жағдайлар жасау арқылы жастарды әлеуметтік-экономикалық интеграциялау</b></p> <p><b>Нысаналы индикатор: Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған, оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан және еңбекпен қамтылған ТЖКОББ оқу орындары түлектерінің үлесі</b></p> <p><b>Міндет 1. Ұлттық біліктілік шеңбері мен кәсіптік стандарттар негізінде орта буын және жұмысшы мамандарын дайындау</b></p>											
1	Колледж қызметін реттейтін нормативтік құжаттарды жанарту	Бекітілген құжаттар	Колледж басшысы	2021-2025	40%	50%	60%	70%	80%	100%	Жыл сайын
2	07161300- Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандығы бойынша	Оқу жұмыс бағдарламалары	Колледж әкімшілігі	2021-2025	2	3	4	5	6	7	27
3	Жаңа мамандықтарды ашуға жұмыстану 06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)* 3W06130102- Web-дизайнер. 07210100- Ет және ет өнімдерін өндіру. 3W07210101-Ет өнімдерін өндіру желісінің операторы	Лицензиялар алуға жұмыстану	Колледж әкімшілігі	2021-2025	-	1	1	1	-	3	6

4	«Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім беру» жобасы бойынша жұмысшы мамандарын дайындау	Мемлекеттік тапсырыс	Колледж әкімшілігі	2021-2025	225	250	275	300	325	325	1700
5	«Жол картасын» іске асыруды жалғастыру мақсатында, дуалды оқыту бойынша мамандықтар санын арттыру	Ақпарат	Колледж басшысы	2021-2025	2	2	3	3	4	4	18
6	Инклюзивті білім берудің жаңа технологияларын енгізу	Бұйрық	Колледж басшысы	2021-2025	25%	30%	35%	40%	45%	50%	Жыл сайын
7	BatysSkills, WorldSkills Kazakhstan өңірлік, ұлттық, халықаралық чемпионаттарына қатысу	Бұйрық	Колледж әкімшілігі	2021-2025	22	24	26	28	30	33	163
8	WSK құзыреттілігі бойынша біліктілік орталықты құру: «Ұлттық құрақ»	Орталықтар ашу	Колледж басшысы	2024	1						I
9	Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу	Түлектерді жұмысқа орналастыру пайызы	Колледж басшысы «Атамекен» ҰКП	2021-2025	75%	77%	79%	80%	82%	83%	Жыл сайын
<b>Міндет 2. Кадрлық потенциалды дамыту және ғылыми-зерттеу кластерлер құру арқылы оқытушылардың инновациялық қызметін ынталандыру</b>											
1	Инженер-педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және тағылымдамадан өткізу.	Жоспар бойынша	Әдістемелік бөлім	2021-2025	15	20	25	30	35	40	165
2	Инженер-педагогтерді	Жоспар	Колледж	2023	3	5	7	8	9	10	42

менеджмент саласында біліктілігін жетілдіруін ұйымдастыру.	бойынша	Басшысы, Якубова Д.К.										
Оқытушылардың ғылыми мақалаларының жариялану санын арттыру	Жоспар бойынша	әдіскер	2023	5	6	8	9	10	12			50
<b>Міндет 3. Халықаралық талаптарға және еңбек нарығының қажеттілігіне сәйкес колледждің басым мамандықтары бойынша білім беру мазмұнын жанартуға жұмыстану</b>												
1	КЕАҚ «Кәсіпқор» Холдинг» қатысуымен өзектендірілген кәсіптік стандарттар негізіндегі үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын оқу процесіне енгізу	Үлгілік оқу бағдарламалары мен жоспарлары	Басшысының ҒӘЖ орынбасары, шығармашылық топ	2021-2025	2	4	5	7	9	10		37
2	Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу	мониторинг	Колледж әкімшілігі	2021-2025	40%	50%	60%	70%	80%	100%		Жыл сайын
3	Білім беру үдерісіне оқытудың кредиттік-модульдік технологиясын енгізу.	Бұйрық	Колледж әкімшілігі	2021-2025	1	2	4	6	8	10		31
4	WorldSkills халықаралық талаптарын ескере отырып, білім беру	Модульдік құзыреттік тәсілін ескере	Арнайы пән оқытушылары, Якубова Д.К	2021-2025	2	4	6	8	10	11		41



	бағдарламаларының мазмұнын жаңарту	отырып тінгіт оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасау											
5	WorldSkills стандарттарына сәйкес демонстрациялық емтихандарды өткізу.	WorldSkills стандарттарын ескере отырып, демо-емтихандарды өткізу ережелері мен ағымдағы, аралық және қорытынды аттестацияны өткізу ережелеріне енгізу.	Арнайы пән оқытушылары, Таджибаева Г.К	2021-2025	2	4	6	8	10	11		41	
<b>Міндет 4. Жастар саясаты тұжырымдамасын іске асыру</b>													
1	Діни істері жөніндегі басқармасымен бірлесіп, жастар арасында экстремистік теріс ағымдардың алдын-алу бағытында кездесулер ұйымдастыру	Жоспар бойынша	Басшысының оқу тәрбие жұмысы бойынша орынбасары	2021-2025	2	2	2	2	2	2		12	
2	«Мәңгілік ел» идеясы бойынша студенттер арасында тарихи	Жоспар бойынша	Басшысының оқу тәрбие жұмысы	2021-2025	1	1	1	1	1	1		6	

орындарға экскурсиялар ұйымдастыру	бөйынша орынбасары	2021-2025	30%	40%	50%	60%	70%	90%	Жыл сайын
3 Студенттерді ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатыстыру	Есеп	2021-2025	30%	40%	50%	60%	70%	90%	Жыл сайын
4 Колледж студенттерінің спорттық секциялармен қамтылған үлесін арттыру	Есеп	2021-2025	30%	40%	50%	60%	70%	90%	Жыл сайын
5 Волонтерлік, қоғамдық жұмыстарға тарту	Есеп	2021-2025	30%	40%	50%	60%	70%	80%	Жыл сайын
<b>Міндет 5. Ресурстық оқу орталықты және ресурстарды дамыту</b>									
1 Ресурстық оқу орталығының базасын және шеберханаларын жасақтап соңғы құрал жабдықтармен жабдықтау	Жабдықтау	2021-2025	20%	30%	40%	50%	60%	90%	Жыл сайын
2 Ресурстық оқу орталығы арқылы ашылған мамандықтар негізінде қысқа мерзімді курстарын ұйымдастыру	Қысқа мерзімді курстарын ұйымдастыру	2021-2025	200	300	400	900	1200	1300	3-400
3 Ресурстық оқу орталығы бойынша өнірдегі сұранысқа ие мамандықтарды ашу	Жана мамандықта р ашу	2021-2025	1	2	2	2	2	2	11
«Жана өнім» жобасын жалғастыру									

Міндет 6. Колледж менеджментін және даму мониторингісін (рейтингтік және сыртқы тәуелсіз бағалау, аккредитация және танымдық байқаулар бойынша) жетілдіру арқылы үздік көрсеткіштерге қол жеткізу.						
1	Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуын мониторингілеу	Есеп	Бөлім меңгеруші	2021-2025		Жыл сайын
2	Оқу-тәрбие қызметін мониторингілеу	Мониторинг қорытындысы	Әдістемелік бөлім	2021-2025		Жыл сайын
3	Жемқорлық фактілерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізу	Есеп	Колледж әкімшілігі	2021-2025		Жыл сайын
5	Педагогтер мен басшыларын курстық оқыту нәтижесін мониторингілеу	Есеп	Колледж әкімшілігі	2021-2025		Жыл сайын

**Міндет 7. Колледждің мәдени және әлеуметтік қызметінің жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ететін инфрақұрылым мен материалдық – техникалық базаны жетілдіру**

1	Оқу кабинеттерін заманауи оқу-өндірістік және технологиялық құралдармен (заманауи станоктар, нтерактивтік оқу құралдары, тренажерлар, виртуалды тренингтік лабораториялар т.б.) жабдықтау (млн.тг):	Жабдықтау	Колледж басшысы, Бас бухгалтер	2021-2025	42,2		42,2
2	07230100- Тігін өндірісі және кийімдерді үлгілеу.	Құрал-жабдықтар сатып алу	Колледж басшысы, Бас бухгалтер	2021		4,8	4,8
4	06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)*	Құрал-жабдықтар сатып алу	Колледж басшысы, Бас бухгалтер	2021		4,2	6,5 10,7

5	Оқу ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу																				
<b>Міндет 8. Ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыс сапасын арттыру</b>																					
1	ТЖҚОББ оқу орындарының мәселелері бойынша облыстық, республикалық және халықаралық конференцияларды, семинарларды ұйымдастыру және қатысу	Ақпарат	Якубова Д.К, Балхаева Г.Н	2021-2025	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	12
2	Оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер мен оқу аудио-визуалды құралдарын жасақтау	Ақпарат	Якубова Д.К	2021-2025	30%	40%	50%	60%	70%	90%											Жыл сайын
3	Электронды кітапханамен қамтамасыз ету	Электронды оқулықтар	Кітапханашы, Якубова Д.К	2021-2025																	
	Инновациялық білім беру технологияларын енгізу бойынша озық тәжірибені жалпылау және тарату	Ақпарат	Якубова Д.К	2021-2025	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	18
<b>Міндет 9. Әлеуметтік серіктес мекемелермен ынтымақтастық байланысты нығайту</b>																					
1	Қолледжді дамытуға әлеуметтік серіктестерді тарту, кәсіпорындарда тәлімгерлер базасын	Есеп	Басшы «Атамекен» ҰКП Таджибаева Г.К	2021-2025	30%	40%	50%	60%	70%	90%											Жыл сайын

2	Құру Әлеуметтік әріптестердің өртүрлі санаттарымен ынтымақтастықтың тұрақты жүйесін қалыптастыру	келісім шарт	Басшы «Атамекен» ҰКП Таджибаева Г.К	2021-2025	40%	50%	60%	70%	80%	90%	Жыл сайын
3	Шефлік мекемелермен мемарандумға отыру	мемарандум	Басшы, ОӘЖ орынбасары	2022	40%	50%	60%	70%	80%	90%	
4	Әлеуметтік серіктестердің түрлі санаттарымен өзара іс-қимыл технологиясын пысықтау	кәсіптік стандарт, ҮОБ	Басшы «Атамекен» ҰКП Таджибаева Г.К	2021-2025	40%	50%	60%	70%	80%	90%	Жыл сайын
5	Халықаралық құзіреттілік орталығын ашу	Құзіреттілік модульдері	Арнайы пән оқытушылары , ОӘЖ орынбасары	2022	40%	50%	60%	70%	80%	90%	Жыл сайын
6	Индустриалды кенестің жұмысын жалғастыру	оқу орнының әлеуметтік әріптестік жөніндегі іс-шаралармен жұмыс жоспары	Басшы «Атамекен» ҰКП Таджибаева Г.К	2021-2025	40%	50%	60%	70%	80%	90%	Жыл сайын

## ЖОСПАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН ТҮПКІ НӘТИЖЕЛЕР

- Колледжді негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасымен қатар, маманның бейініне сәйкес келетін өндірістік қызметті жүзеге асыратын инновациялық білім беру ұйымы ретінде дамыту;
- Студенттердің таңдаған бейіні бойынша сапалы кәсіби білім алу құқықтарын іске асыру үшін экономикалық, ұйымдастырушылық, әдістемелік, ғылыми жағдайларды қамтамасыз ету;
- Қазіргі заманғы оқу-өндірістік базаны құру және нығайту;
- Практикалық оқытудың ролін күшейту;
- Оқу процесіне және колледждің басқару жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізуді жалғастыру;
- Жұмысшы кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру, ересек тұрғындарды оқыту;
- Мамандарды кәсіби даярлау процесін ұйымдастыруға бюджеттен тыс қаражатты тарту және қаржыландыру жүйесін дамыту және жетілдіру;
- Колледждің білім беру қызметтерінің маркетинг жүйесін қалыптастыру;
- Бизнес серіктестікті дамыту;
- Білім беру процесі субъектілерінің ғылыми-зерттеу, жобалау және шығармашылық қызметін дамыту;
- Студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіру;
- Колледждің білім беру үдерісіне ғылыми зерттеулердің нәтижелерін, озық педагогикалық және өндірістік тәжірибені енгізу;
- Педагогикалық ұжымның педагогикалық және кәсіби шеберлігін арттыру;
- Педагогикалық ұжым - студенттік қауымдастық – ата - аналар-элеуметтік серіктестер қағидаты бойынша білім беру мекемесіндегі ынтымақтастық пен өзін-өзі басқару нысандарын дамыту және жетілдіру.